

Ж.Жүгінісованың 2025-2026 оқу жылының

1-тоқсанында жүргізілген жұмыстарының

ЕСЕБІ

Жалпы мәлімет:

2025-2026 оқу жылының басында мектепте еббқ ететін оқушылармен кешенді психологиялық-педагогикалық диагностика және түзете-дамыту жұмыстары ұйымдастырылды. Бұл кезеңде негізгі мақсат- білім алушылардың оқу және танымдық қабілеттерін анықтау, сөйлеу қабілеттерін арттыру.

Қыркүйек-қазан айлары аралығында педагог-логопедтің жұмысына барлығы 20 оқушы қамтылды.

I. Диагностикалық жұмыс

Қыркүйек айында оқушылардың сөйлеу тілінің даму деңгейін анықтау мақсатында логопедиялық диагностикалық тексеру жүргізілді. Диагностика барысында төмендегі бағыттар қамтылды:

- артикуляциялық аппараттың дамуы;
- дыбыстарды айту ерекшелігі;
- фонематикалық есту және қабылдау қабілеті;
- сөздік қор мен грамматикалық құрылымдардың қалыптасуы;
- байланыстырып сөйлеу дағдысы.

Нәтижесінде:

Кейбір оқушыларда сөйлеу тілінің фонетико-фонематикалық жетілмеуі (ФФЖ) мен сөйлеу тілінің жалпы дамуының жеңіл бұзылыстары байқалды.

Сөйлеу кемшіліктері: [р], [л], [ш], [ж], [ч], [с] дыбыстарын бұрмалап немесе алмастырып айту, фонематикалық қабылдаудың әлсіздігі, сөздік қордың жеткіліксіздігі және грамматикалық қателер.

II. Түзете-дамыту жұмысы

1-тоқсан бойы түзету сабақтары оқу жоспарына сай аптасына 2 рет өткізілді.

Жұмыстың басты мақсаты – дыбыстарды дұрыс айту, фонематикалық қабылдауды жетілдіру, сөйлеу белсенділігін арттыру және байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту.

Негізгі бағыттар:

1. **Артикуляциялық аппаратты дамыту:** тіл мен ерінге арналған жаттығулар («Сағат», «Жылан», «Тәтті тосап» және т.б.) тұрақты орындалды.
2. **Дыбыстарды қою және бекіту:** [л], [ш], [ж] дыбыстары қойылып, буында, сөзде және сөйлемде бекітілді.
3. **Фонематикалық естуді дамыту:** дыбыстарды ажыратуға, сөздің дыбыстық құрамын талдауға арналған ойындар қолданылды.
4. **Сөздік қорды дамыту:** тақырыптық сөздік жұмыстары («Менің отбасым», «Жануарлар», «Мектеп», «Жыл мезгілдері») жүргізілді.
5. **Байланыстырып сөйлеуді дамыту:** сурет бойынша әңгіме құрастыру, қысқа мәтін мазмұндау, логикалық реттілікті сақтау дағдылары жетілдірілді.

Оң нәтиже:

- Бірқатар дыбыстар дұрыс айтылуда;
- Сөздік қоры кеңейіп, сөйлеу белсенділігі артты;
- Әңгімелеу барысында сөйлемдердің байланысы жақсарды.

III. Әдістемелік және ұйымдастырушылық жұмыс

- Логопедиялық жұмыс ҚР БҒМ бекіткен «Сөйлеу тілінің бұзылыстарын түзету және дамыту бағдарламасына» сәйкес жүргізілді.
- Сабақтарда көрнекілік, дыбыстық карточкалар, буындық кубиктер, айна және логопедиялық ойындар қолданылды.
- Әр оқушыға жеке даму картасы мен логопедиялық бақылау парағы жүргізілді.
- Сабақтар ойын түрінде, оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне сай ұйымдастырылды.

IV. Ата-анамен байланыс

- Ата-аналармен жеке кеңес өткізіліп, баланың сөйлеу ерекшелігі мен үй жағдайындағы жұмыс жолдары түсіндірілді.
- “Бала сөйлеуін дамытудағы ата-ананың рөлі” тақырыбында нұсқаулық парақтар таратылды.
- Ата-аналар баланың сабаққа қатысуын және үй тапсырмаларының орындалуын тұрақты қадағалап отыр.

Нәтиже: ата-аналар баланың сөйлеуін түзетуге белсенді қатысуда.

V. Қорытынды

1-тоқсанның қорытындысы бойынша логопедиялық жұмыс нәтижесінде оң динамика байқалды:

- Қойылған дыбыстардың бір бөлігі бекітілді;
- Фонематикалық қабылдау жақсарды;
- Байланыстырып сөйлеу мен сөздік қор дами түсті.

VI. Қысымдар

1. Түзету сабақтарын тұрақты жалғастыру;
2. Үйде артикуляциялық гимнастика мен тыныс алу жаттығуларын орындау;
3. Ата-аналар тарапынан тіл дамыту ойындары мен ертегі оқу жұмыстарын жалғастыру;
4. Логопедпен және сынып жетекшісімен тығыз байланыста болу.



Педагог-логопед:  Жүгінісова Ж.Б